


ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.
Д.АСФЕНДИЯРОВА

Модуль: Ортопедиялық стоматология

Тақырыбы: Пародонтологиядағы заманауи диагностикалық зерттеу әдістері. Пародонт қабынуы кезіндегі 3D диагностика



Орындаған: Балқан А.С
Факультет: Стоматология
Курс: V
Тобы: 12-001-01
Қабылдаған: Нысанова Б.Ж

Алматы 2017 ж

Жоспары

I. Кіріспе

Пародонт қабынуы туралы түсінік.

II. Маңыздылығы

Пародонт қабынуын анықтауға 3D диагностиканы қолдану және оның артықшылығы.

III. Мақсаты

Пародонт қабынуы кезінде 3D диагностикалау арқылы паталогиялық ошақтарды анықтау және осы арқылы ұтымды ем жоспарын тағайындау.

Пародонт қабынуы

Пародонт қабынуы - пародонттың сүйек және жұмсақ тіні құрылымдарының үдей бұзылысқа ұшырауымен сипатталатын ауруы.


Ауырлығы : жеңіл, орта, ауыр.

Ағымы: жедел, созылмалы, өршуі (сонымен қатар абсцестенуі), ремиссиялануы.

Таралуы: шектеулі, жайылған.


- Пародонт қабынуы 11-12 жастағы жас өспірімдер арасында да кездеседі (8-10% жағдайда) және 30-50 жас арасында қарқынды дамып (таралуы 60-65%), жасы ұлғайған адамдар арасында (50 жастан кейін) таралуы жиілей береді (65-90% шамасында) құрайды.

- Парадонт қабынуын емдеу үшін ең алдымен зақымданған жұмсақ және қатты тіндердің жағдайын диагностикалау керек. Қазіргі таңда пародонт жағдайын диагностикалау үшін әр түрлі зерттеу әдістері қолданылады солардың бірі - **Дентальды-компьютерлік 3D томографиялау.**



Стоматологияда рентгендік суреттер диагноз қоюда негізгі ақпарат көзі болып табылады. Алайда панорамды және көзделген (прицельный) рентгендік суреттердің диагностикалық мүмкіндігі шектелген, себебі олар ақпаратты тек екі жазықтықта береді.

3D томография - бұл рентген-диагностикалық зерттеу арқылы алынатын тіс жақ жүйесінің үшжазықтықты цифрлық кескіні. Бұндай кескінді алу жаңа диагностикалық аппарат “**Дентальды-компьютерлік 3D томограф**” арқылы мүмкін болып отыр.



Сондай дентальды-компьютерлік 3D
томографтардың бірі - **Galileos(Sirona,Germany)**.



Дентальды-компьютерлік томографтардың ортопантомографтан артықшылықтары:


- Саулелену дозасы адеттегі рентгенологиялық аппараттардан 100 есе аз. Осыған байланысты, бұл аппаратпен зерттеу жұмыстарын операциялық араласудан кейін-ақ бірден жүргізе беруге болады.
- Әдеттегі рентгенологиялық аппараттарда көрінбейтін ауыз қуысының барлық патологияларын дәл анықтауға мүмкіндік береді.

Қолданудың ыңғайлылығы. Себебі бұл аппаратпен әртүрлі жастағы адамдар мен мүмкіндігі шектеулі науқастармен де жұмыс жасауға болады.



- Бұл аппараттың жаңа технологиялық мүмкіндіктері науқастың бет-жақ аймағындағы **анатомиялық ерекшеліктерін** ескеруге мүмкіндік береді.
- Зерттеу қорытындысын не бәрі 5 минутта ала аласыз
- Дайын болған зерттеу қорытындысын флешкаға немесе магнитті дискіге жазуға болады. Бұл өз кезегінде зерттеу қорытындысын кез-келген клиникада немесе науқастың өз үйінде **көре алу мүмкіндігін** береді.


• Үш кеңістікті кескін компьютерлі томографтың жадында сақталып дәрігер-стоматологқа компьютермен түсірілген жақсүйегінің кез-келген проекциясын , кез-келген аймағын көруге мүмкіндік береді. Түсірілген бет-жақ сүйегінің үш кеңістікті кескінін барлық бұрышынан айналдырып көруге болады. Бұл диагностикалық құралдың әмбебап мүмкіншіліктері стоматологияда және бет-жақ хирургиясында кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.




Науқасқа диагностика жүргізу және ем жоспарын тағайындау көрсеткіштері:

- *Жақ сүйегінің және тістердің жарақаттарын анықтауда
- *Тістердің жақ сүйегінде аномалиялық ауытқуларды анықтауда
- *Пародонт тіндері ауруларын диагностикалауда.
- *Бет-жақ аймағындағы ісік тәрізді түзілістерді диагностикалауда
- *Одонтогенді гайморитті диагностикалауда
- *Ортодонтиялық емді жоспарлау кезінде
- *Импланттауды және ортопедиялық емді жоспарлауға болады

- Осы әдіспен алынған тістің сагитальды, фронтальды және горизонтальды жазықтықтағы кескіні - тіс түбірінің анатомиялық ерекшеліктерін , периодонт пен парадонттың жағдайын бүге-шүгесіне дейін бағалауға мүмкіндік береді.



**3D томографтың
ОСЫ
мүмкіншіліктерін
пайдалана отырып,
22 жастағы
НАУҚАС А-ға
зерттеу жұмыстарын
жүргіздік.**




Қарап тексергенде:

- Қызылиек көкшіл қызыл түстенген, бүртіктері мен жиектері домбыққан.
- Қызылиек жиектері білікке ұқсап қалыңдап, деформацияланған.



Зерттеу барысында науқастың 3.4 , 3.5 тістерінің түбір маңындағы сүйек тінінің сорылуын байқадық. Сонымен қатар науқастан **3D** кескінін зерттеу арқылы жоғарғы жақ қойнауынан бүртiк тәрiздi түзіліс пен төменгі жақтағы буын басында ақау бар екені анықталды.



- Науқасқа: “**Созылмалы пародонт қабынуынның орта дәрежесі**” деген диагноз қойылды.
- 3D томограф арқылы алынған мәліметтерді ескеріп ем жоспарын тағайындадық

Ем жоспары:

- Науқасқа ауыз қуысын тазалауды үйрету
- Тісті қақтарынан және қызыл иек асты тастардан тазарту, антисептикпен өңдеу.



Тазаланған аймаққа қабынуға қарсы емдік препараттар тағайындау (бутадион, метилурацил, индометацинді жақпа т.б препараттар).



- Оклюзиялық тістемнің терең болуы мен буын басының дұрыс орналаспауына байланысты ортодонтиялық және ортопедиялық ем тағайындау.



Ем нәтижесі



Қорытынды

- Пародонт ауруларын емдеуде ең алдымен дұрыс диагноз қою міндетті. Осы орайда **3D** диагностикалық әдісі пародонт ауруларын егжей-тегжейлі анықтауда маңызды рөл атқарады. Не кұрлым нақты қойылған диагноз - емнің сапалы және нәтижелі болуына мүмкіндік береді.

Пайдаланылган әдебиеттер

- Зазулевская Л.Я Практическая пародонтология. 2008ж
- Терапевтическая стоматология. Болезни пародонта. Под редакцией проф. Г.М Барера. 2008

Назарларыңызға рахмет !!!

